

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қ. теледидары» ЖШС «Orda-FM» қалалық радиостансасының Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттарына эфир уақытын бөлудің жалпы ережелері

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» 28.09.1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына сәйкес, «Астана қ. теледидары» ЖШС ҚР Президентінің 2019 жылғы 9 сәуірдегі «Қазақстанда кезектен тыс сайлау өткізу туралы» № 18 Жарлығына сай 2019 жылы 9 маусымда өтетін кезектен тыс сайлауға қатысушы Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттарға «Orda-FM» радиостансасы эфиріне үгіт-насихат материалдарын орналастыру ережелері мен төлемақы мөлшері жайлы ақпарат береді.

Сайлауалды үгіт-насихат 2019 жылы 11 мамырда сағат 18.00-де басталып, 2019 жылы 8 маусымда сағат 00.00-де аяқталады.

Материал түрі	Орналастыру уақыты	Тілі	Минут үшін құны, ҚҚС қоса есептегенде, теңге
Аудиороликтер	11.05.2019 сағат 18.00-ден бастап, 08.06.2019 сағат 00.00-ге дейін.	Қазақ, орыс	7 200

«Астана қ. теледидары» ЖШС Кандидатпен немесе оның өкілетті өкілімен жасалған жазбаша келісімшарт негізінде «Orda-FM» қалалық радиостансасынан эфир уақытын ұсынады.

Үгіт-насихат материалдарын эфирге орналастырудың уақыты мен күні, саны мен хронометражы Кандидаттың немесе оның өкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі. Сондай-ақ келісімшартта бекітіледі.

Радиостанция эфиріның уақытын ұсыну хронометражы 60 (алпыс) секундтан аспайтын, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі, аудиороликтер орналастыру жолымен жүзеге асырылады.

Өтініш Кандидаттардың өтінішін тіркейтін журналда, реттік кезегі бойынша тіркеледі. Әрбір жазбаша өтініштің түскен күні белгіленіп, реттік нөмірі қойылады.

Жазбаша өтінішке келесі құжаттар қоса тіркеледі:

- 1) Кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 2) Кандидат өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) Жазбаша өтініш беруші тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) Келісімшарт жасасу үшін тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттар;
- 5) Аудиовизуалды материалдың жазбаша нұсқасы.

Үгіт-насихат материалдары радиостансаға жоспарланған эфир күніне дейін 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде ұсынылады, форматы - Wav (44.1kHz), MP3 (256 kbps-тен кем емес). Тасымалдаушылар: флэш карта, диск, сондай-ақ үгіт-насихат материалдарын FTP серверге жіберуге болады (ескерілген мәліметтер сұраныс бойынша ұсынылады).

Егер материал «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Заңның талаптарына сай келмесе, «Астана қ. теледидары» ЖШС үгіт-насихат материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы.

Жасалған келісімшартқа сәйкес, «Orda-FM» қалалық радиостансасына үгіт-насихат материалдарын орналастырудың төлемі ұсынылған шот негізінде 5 (бес) жұмыс күні ішінде жасалады.

Жазбаша өтініштер демалыс пен мереке күндерін қоспағанда, 2019 жылдың 06 мамырынан 2019 жылдың 03 маусымына дейін, сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін, Нұр-Сұлтан қаласы, Желтоқсан көшесі 49 үй, 303 кабинетте қабылданады.

Факсимильдік немесе интернет арқылы жолданған жазбаша өтініштер қабылданбайды.

«Астана қ. теледидары» ЖШС
Бас директоры



Б. Жексенбай